

Ойыл

«САРТАЙ БАТЫР» — Асылхан Төлепов туған жеріне келді

ОЙЫЛ ӨҢІРІНДЕ ӨНЕРДІҢ КӨГІНЕ САМҒАҒАН ӨРЕНДЕР КӨП. ОЛАРДЫҢ КӨШІН БАСТАП, ӨНЕР ӨЛЕМІНЕ ЖОЛ САЛҒАН НҮРСҮЛҮ ТАПАЛОВА. БҮГІНГІ КҮНІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЖҮРЕГІН ЖАУЛАҒАН «ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛАНЫҢ»- САРТАЙЫ, ЖАСТАРДЫҢ АУЗЫНАН ТҮСПЕЙТІН ЕСІМ АСЫЛХАН ТӨЛЕПОВ. ТІПТІ, ӨЗІНІҢ АТЫ ҰМЫТЫЛЫП, САРТАЙ БАТЫР АТАНЫП КЕТТІ. СОЛ САРТАЙ БАТЫР КЕШЕ ТУҒАН ЖЕРІНЕ ТАБАН ТІРЕП, ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ.



«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт келіп сәлем береді» - демекші Асылхан Төлепов келді деп еңкейген көріден еңбектеген балаға дейін қалмай Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ауласындағы кездесуге күннің ыстығын елеместен жиналғандар елдік пейілін көрсетті. Кездесуде алдымен аудан әкімі Дастан Сағыров Асылханға жерлестерінің ыстық лебізін жеткізіп, азаматтың иығына шапан жапса, атымтай ағалары ат мінгізді. Амангелді ақсақал ақ батасын берді. Өз көзегінде сөз алған Асылхан кіндік қаны тамған өлкенің шапағаты мен махаббаты күш бергенін айтудан жалыққан жоқ. Кездесу соңы киноактердің замандастарымен суретке түсіп, қолтаңба беруіне ұласты. Біздің батыр Алматы қалалық мешихатының депутаты, «Nur Otan» партиясының белді мүшесі екен. Тығыз жоспарланған бағдарламасынан уақыт тауып, жасотандықтармен сұхбаттасып, жастар саясаты, отаншылдық, елжандылық тұрғысынан өңіме дүкен құрды. Жанары шоқтай жарқыраған, жастық жалыны кеудесінде маздаған Ойыл ұлының болашаққа деген көзқарасы мен өмірге деген құштарлығы тыңдармандарын баурап алды.

Ал, түстен кейін өзі он екі жылдан кейін ат ізін салып тұрған туған өңірінің бүгінгі келбетімен танысып, Ойыл аграрлық колледжінің студенттерімен кездесті.



«КӘСІБІҢЕ БАСЫМДЫ ИЕМ!»

Қашанда кәсіби мерекелерін өртүрлі ізгілікті істермен қарсы алатын аудандық аурухана ұжымы бұл жолы «Кәсібіңе басымды ием!» атты мәдени шараға мұрындық болды. Аудандық спорт мектебі алаңында өткен кеште медицина қызметкерлеріне өнердің қай-қайсысы да жат емес екеніне куә болдық. Кеш шымылдығы флешмобпен ашқан ақ халаттыларды аудан әкімі Дастан Сағыров құттықтап, үздіктерді арнаулы сыйлықтармен марапаттады. «Халық мақтанышы» төсбелгісін Ойыл аудандық ауруханасының жалпы тәжірбелі дәрігері Алия Баймағамбет пен Көптоғай дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірбелі дәрігері София Сағиевалардың кеудесіне тақса, Ойыл аудандық аурухана статистика кабинетінің мейірбикесі Зияш Рамазанова, Ойыл аудандық емхана жалпы тәжірбелі кабинетінің мейірбикесі Гүлмира Тойлыбаева мен Қарай дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі

Айгүл Даулетоваларға «Мейірім» төсбелгісін табыстады. Одан кейін бір топ медицина саласының қызметкерін өз алғыс хатымен марапаттады. 2016 жылы Ойыл ауруханасында Еңбек Қызыл ту орденінің иегері, «Қазақ ҚСР-ның еңбек сіңірген дәрігері», Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ойыл аудандық кеңесінің депутаты, ардақты Ана, білгір дәрігер Зібира Ағзамова Бекпанқызына арналған ғылыми конференция ұйымдастырылып, аурухана ғимаратына облыстық деңгейде мемориалды тақтайша орнатылған еді. Ал, осыдан екі жыл бұрын Ағзамовтар отбасы Медицина қызметкерлері күні қарсаңында, «Ағзамова Зібира Бекпанқызының» құрметіне орай отбасының атынан сыйақы тағайындалған болатын. Өзі де белгілі дәрігер жерлесіміз Нұрлан Ағзамов осы мереке үстінде отбасының атынан дәрігер Манат Нұртанова мен фельдшер Гүлсара Мусинаға арнаулы

сыйақыларын табыстады. Ал, аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев та медицина саласының өртүрлі буынында еңбек ететін бірнеше қызметкерге салалық кәсіподақтың арнаулы сыйлықтарын тапсырып, өз атының алғыс хаттарын тапсырды.

Сонымен қатар, бас дәрігер әнбиен алмасқан марапатты сәтте аудандық орталық ауруханасының дәрігер-эпидемиологы Гаухар Самалбекқызының «Жастар Сенім мен Серпіні» республикалық жастар форумына қатысып баспанаға мұқтаж жас мамандарға әлеуметтік көмек ретінде бір миллион теңге тұрғын үй сертификатына ие болғаны және бірнеше дәрігердің Денсаулық сақтау министрлігінің



және Ақтөбе облысы әкімінің сыйлығына ие болғандығын қуанышпен хабарлап, мереке қарсаңында өткен спорттық жарыстардың жеңімпаздарына лайықты жүлделерін табыстады.

Ал, мерекелік шара барысында ауданның денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, дүниеден өткен өріптестерін еске алуы «Кәсібіңе бес ием!» - деген мерекенің атауымен үндесті.



ЗАҢ – ЕЛДІҢ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН АБДОЛЛА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. САПАРЫ БАРЫСЫНДА ӨҢІРДІҢ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСЫП, АУДАН АКТИВІМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу кезінде Сөкен Жүсіп-ахметұлы қазіргі таңдағы сот саласына жүргізіліп жатқан реформалар туралы баяндады. Әсіресе, әділет сотын құру туралы өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, заң бойынша белгіленген қоғамның әр бөлшегінің, азаматтың, ата-ананың, баланың міндеті мен құқықтары туралы жан-жақты түсінік берді. Еліміздің алтыншы өңірінде қызмет етіп жатқанын тілге тиек облыстық

соттың төрағасы алып далағы аймақтық ерекшеліктер мен салт-сана туралы да ой толғады. Өзі заң ғылымдарының кандидаты болғандықтан, қолданыстағы заңдардың дайындалу барысы мен орындалуы жайлы баяндады. Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға да байыпты жауап берді. Ал, аудан тұрғындары атынан сөз алған ақсақалдар сапарына сәттілік тілеп, ізгі лебіздерін білдірді.

КӨПТОҒАЙДАҒЫ «KOWORKING» ОРТАЛЫҒЫ БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК



Өткен аптада Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Көптоғай ауылдық модельді кітапханасында «Coworking» орталығы ашылды. Облыстағы 13-інші, аудандағы алғашқы орталықтың ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы Сағыров пен Сақтаған

«Coworking» орталықтарын ашу қолға алынған еді. «Coworking» - бірлесе жұмыс жасау деген ұғымды білдіреді. Заманауи орталыққа келген кез-келген адамға баласын ойнатып, интернеттің игілігін пайдалану үшін барлық мүмкіндік бар. Өрі, қызметтің бөрі тегін. Ал, кітапханаларда осындай орталықтардың ашылуы оқыр-



Бейішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Бақтылы Қошабаева ауыл халқының қуанышына ортақтасты. Ауданымызда алғаш рет ашылған орталықта халықтың барлық тобына уақыттың игілігі - жаңа технологияларды пайдалануға мүмкіндік бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары аясында «Жастар жылына» орай ел кітапханаларында

ман үшін жақсы жаңалық. Жобаның басты мақсаты - жастардың ақпараттық қажеттіліктері үшін өлеңдік тәжірибені пайдаланып, кітапханалардың жаңа үлгісін құру.

Ауылдағы қуанышқа ортақтаса келген көптоғайлықтардың ішінен Сәбит Есіркепұлы ізгі лебізін жолдаса, кәсіпкерлер Тілекбай Әміров пен Өлібек Әміргалиевтар өздерінің кем-кетігін толықтыру үшін ортақтарын тарту-таралғыларын ұсынды.

«ҚАНАРМАН» - ҮЗДІК КОМАНДА!

Жуырда Ж.Жүсіпалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі базасында ЖҚЖИ (Жол қозғалысының жас инспекторлары жасақтары) аудандық слеті өтті. Аталған слетке аудан бойынша 8 мектеп жасағы қатысты.

1973 жылы Целиноград қаласында құрылған ЖҚЖИ қозғалысының мақсаты - жұртшылықты жолда жүру ережесімен таныстыру және балалардың жол-көлік апаттарында жаракаттануының алдын-алу. Ойыл ЖҚЖИ слетіне 46 жыл толып отыр. Слеттің мақсаты - балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол апаттарының алдын алу бойынша жұмыстарды жетілдіру және осы түйткілге құзырлы өкілеттіктер, мекемелер мен қоғамның назарын аудару.

Аталған слетте командалар: саптық жарыс, жас санитарлар

сайысы, үздік велосипедші және жасақтардың өнерлері бойынша бақтарын сынады. Аудандық слетте Толқын Тұмышеваның жетекшілігімен мектебімізден жасақталған «Қанарман» командасы бас жүлдені жеңіп, команда «Үздік саптық жүріс» номинациясы, команда мүшесі Нұрсезім Самат «Үздік жас велосипедші», Мерей Жолдас «Үздік жас санитар» номинациялары бойынша оза шығып, мектебіміздің ұландары облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңде де оқушыларымыз биіктен көрініп, жоғары нәтиже көрсетті.

Айнаш ДІНЖАНОВА,
Ж.Жүсіпалиев атындағы
Ойыл қазақ орта мектебінің
жас маманы, ағылшын тілі
пәнінің мұғалімі.

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ						БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД					
08	9	456	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11407				001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области информации, укрепления государственности и формирования социального оптимизма граждан	11407
08	9	456	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8864				003	Реализация мероприятий в сфере молодежной политики	8864
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	113163					Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	113163
10	1			Ауыл шаруашылығы	79512		1			Сельское хозяйство	79512
10	1	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	79512			473		Отдел ветеринарии района (города областного значения)	79512
10	1	474	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7543				001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в сфере ветеринарии	7543
			006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	2833				006	Организация санитарного убоя больных животных	2833
10	1	474	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1213				007	Организация отлова и уничтожения бродячих собак и кошек	1213
			008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	10000				008	Возмещение владельцам стоимости изымаемых и уничтожаемых больных животных, продуктов и сырья животного происхождения	10000
10	1	474	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	811				010	Проведение мероприятий по идентификации сельскохозяйственных животных	811
			011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	57112				011	Проведение противозпизоотических мероприятий	57112
10	6			Жер қатынастары	21511		6			Земельные отношения	21511
10		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	21511			463		Отдел земельных отношений района (города областного значения)	21511
10		463	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16297				001	Услуги по реализации государственной политики в области регулирования земельных отношений на территории района (города областного значения)	16297
10		463	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	5214				006	Землеустройство, проводимое при установлении границ районов, городов областного значения, районного значения, сельских округов, поселков, сел	5214
10	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	12140		9			Прочие услуги в области сельского, водного, лесного, рыбного хозяйства, охраны окружающей среды и земельных отношений	12140
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12140			453		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	12140
10	9	453	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	12140				099	Реализация мер по оказанию социальной поддержки специалистов	12140
11	2			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15393					Промышленность, архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	15393
11	2	466		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15393		11			Архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	15393
11	2	466	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	15393			466		Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)	15393
				Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11601				001	Услуги по реализации государственной политики в области строительства, улучшения архитектурного облика городов, районов и населенных пунктов области и обеспечению рационального и эффективного градостроительного освоения территории района (города областного значения)	11601
11	2	466	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	3792				013	Разработка схем градостроительного развития территории района, генеральных планов городов районного (областного) значения, поселков и иных сельских населенных пунктов	3792
12				Көлік және коммуникация	238596					Транспорт и коммуникации	238596
12	1			Автомобиль көлігі	238596					Автомобильный транспорт	238596
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3514		12			Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	3514
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3514			123		Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, поселках, селах, сельских округах	3514
12	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	235082				013	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	235082
12	1	458	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3318				023	Обеспечение функционирования автомобильных дорог	3318
			045	Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	700			458	045	Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог районного значения и улиц населенных пунктов	700
13			051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	231064				051	Реализация приоритетных проектов транспортной инфраструктуры	231064
13	3			Басқалар	57817					Прочие	57817
		454		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	320		13			Поддержка предпринимательской деятельности и защита конкуренции	320
			003	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	320			3		Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения)	320
13	9			Кәсіпкерлік қызметті қолдау	57497			454		Поддержка предпринимательской деятельности	57497
		452		Басқалар	20595				003	Прочие	20595
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7620		9		012	Отдел финансов района (города областного значения)	7620
			026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7854			452	026	Целевые текущие трансферты районным (городов областного значения) бюджетам на повышение заработной платы отдельных категорий гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий	7854
			066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5121				066	Целевые текущие трансферты бюджетам города районного значения, села, поселка, сельского округа на повышение заработной платы отдельных категорий административных государственных служащих	5121
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі	29464			453	003	Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	29464
			003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік өріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік өріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	29464				003	Разработка или корректировка, а также проведение необходимых экспертиз технико-экономических обоснований местных бюджетных инвестиционных проектов и конкурсных документаций проектов государственно-частного партнерства, концессионных проектов, консультативное сопровождение проектов государственно-частного партнерства и концессионных проектов	29464
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6087				455	Отдел культуры и развития языков района (города областного значения)	6087
			040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	6087				040	Реализация мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года	6087
			471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1351			471		Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	1351
			041	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1351				041	Реализация мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года	1351
14	14			Борышқа қызмет көрсету	16		14			Обслуживание долга	16
		11		Борышқа қызмет көрсету	16			1		Обслуживание долга	16
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	16			452		Отдел финансов района (города областного значения)	16
			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	16				013	Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета	16
15				Трансферттер	230343,8			1		Трансферты	230343,8
15	1			Трансферттер	230343,8					Отдел финансов района (города областного значения)	230343,8
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	230343,8			452	006	Возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов	883,8
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	883,8				024	Целевые текущие трансферты в вышестоящие бюджеты в связи с передачей функций государственных органов из нижестоящего уровня государственного управления в вышестоящий	137500
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	137500				038	Субвенции	89168
			038	Субвенциялар	89168				051	Трансферты органам местного самоуправления	2792
			051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	2792					III. Чистое бюджетное кредитование	50157
				III. Таза бюджеттік кредит беру	50157					Бюджетные кредиты	64388
				Бюджеттік кредиттер	64388		10			Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	64388
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	64388					Сельское хозяйство	64388
10	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	64388		10	1		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	64388
10	1	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	64388			453	006	Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов	64388
10	1	453	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	64388				1	Погашение бюджетных кредитов	14231
	5		1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	14231			5		Погашение бюджетных кредитов	14231
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14231					Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	14231
				Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттерді өтеу	14231					IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0
				IV.Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0					Приобретение финансовых активов	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0					V. Дефицит бюджета	-61188
				V. Бюджет (профицит)тапшылығы	-61188					VI. Финансирование дефицита бюджета	61188
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру(профицитін пайдалану)	61188					Поступление займа	64388
			2	Қарыздар түсімдері	64388			7	2	Внутренние государственные займы	64388
				Мемлекеттік ішкі қарыздар	64388			01		Договора займа	64388
				Қарыз алу келісім-шарттары	64388					Погашение займов	14231
				Қарыздарды өтеу	14231		16			Погашение займов	14231
16	1			Қарыздарды өтеу	14231		16	1		Отдел финансов района (города областного значения)	14231
16	1	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14231		16	1	452	Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом	14231
16	1	452	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	14231				008	Используемые остатки бюджетных средств	11031
				Бюджет қаражаттарының пайдаланатын қалдықтары	11031			08		Остатки бюджетных средств	11031
			1	Бюджет қаражаты қалдықтары	11031				1	Свободные остатки бюджетных средств	11031
	08		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	11031						

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

БИЫЛ ЕНШІМІЗДЕ - 20 «АЛТЫН БЕЛГІ»



Биыл ауданымыздағы 12 орта мектепті 163 түлек аяқтады. Оның ішінде 20 түлек «Алтын белгі» иегері болса, 7 түлек «Үздік аттестат» иегерлері. 12 маусым күні ауданның барлық мектептерінде аттестат беру кеші ұйымдастырылды.

Осы орайда сол күні Ж.Жүсі-балиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде өткен шараға аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы арнайы қатынасып, түлектерді айтулы күнмен құттықтап, сөттілік тіледі. Екі

«Үздік аттестат» иегері Әсет Дайынова мен Дөметкен Сағын-баеваларға мектеп бітіргендігі туралы құжатты өз қолымен тапсырды.

Биылғы жылы әрбір «Алтын белгі» иегеріне облыс өкімінің атынан алғыс хат пен арнайы сыйлық - қолсағат табысталды. Олардың қатарында біздің 20 түлегіміз бар. Аудан бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге 149 түлек өтініш білдіріп отыр. Ұлттық Бірыңғай Тестілеу биыл ауданымызда 20 маусым күні өтеді.

ЕҢБЕК ЕТУДЕН БОС - ҚЫЗЫҚТЫ ДЕМАЛЫС

ЕКПЕТАЛ МЕКТЕП БАЛАБАҚ-ШАСЫНДА «БАЛА ЕҢБЕГІН ҚАНАУҒА ҚАРСЫ 12 КҮН» ОНКҮНДІГІП «ЕҢБЕК ЕТУДЕН БОС - БАЛАЛЫҚ ШАҚ» АТТЫ ҰРАНМЕН КӨПТЕГЕН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ. ОНКҮНДІК АЯСЫНДА «ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК» ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС АЛАҒЫНЫҢ «СӨЛЕМ, ЖАЗ!» АТТЫ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ БОЛЫП ӨТТІ.

Демалыс барысында балалар қызықты кино көріп, спортпен шұғылданып, ертегілер өлеміне саяхат жасап, қойылымдар қойды. Сонымен қатар табиғат аясына шығып, түрлі табиғи материалдарды пайдаланып аппликациялар жасап, уақыттарын қызықты өткізді. Ауылдық кітапханаға барып түрлі кітаптар оқу арқылы білімдерін толықтырып, одан өрі ой-өрістерін кеңейтті. Демалыс барысында әр күн өз ерекшелігімен көңілді өтті.

Балданай ТНЕЕВА, «Жасыл желек» жазғы демалыс алаңының тәрбиешісі.

ТЕМЕКІНІҢ ЗИЯНЫ КӨП

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды өдеттерден бас тарту қажет. Зиянды өдеттерге темекі, алкоголь (ішімдік), есірткі және уытты заттар жатады. Бұл заттарды ұзақ уақыт, ал кейде тіпті аз ғана уақыт пайдаланғанда организмде сихикалық және төңдік төуелділік дамиды. Зиянды заттарға әуестенудің барлық түрі ақырында ауыр науқасқа шалдықтырады. Бұл аурулар ұзақ өрі арнайы емдеуді қажет етеді. Адам зиянды заттарды пайдаланудан сақтану үшін олардың кейінгі зардаптарын білу керек. Зиянды өдеттермен күресу осы құбылыстың себептері белгілі болған жағдайда ғана табысты болады. Темекі тарту, яғни, никотинизм – зиянды өдет және нашакорлықтың бір түрі.

Статистикалық мәліметтер бойынша планетада ересектердің 40 пайызы темекі тарттады. Оның ішінде 60 пайызы ер азаматтар, 20 пайызы әйелдер екен.

Темекі түтін адам организмі үшін зиянды және улы заттардың жиын-

дысы болып табылады. Олардың ең бастылары – никотин, синиль қышқылы, көмір қышқылы, сірке қышқылы, азот, эфир майы және өкпе рагіне душар ететін өртүрлі радио-белсенді элементтер болып табылады. Олардың ішіндегі ең улысы – никотин. Адам ағзасы үшін бар болғаны бір-ақ тамшы /ол 10-12 тал сигаретте болады екен/ никотин уы жеткілікті көрінеді.

Темекі тартатын адамда никотин-ны ықпалынан асқазан қышқылдығы төмендейді. Қан қысымы артады. Орталық жүйке жүйесі мен жүректің қызметі бұзылады. Елу жасқа дейін темекі тартатын әйелдерде миокард инфаркті темекі тартпайтындарға қарағанда 20-есеге жиірек кездеседі екен. Бронхитпен ауырушылардың 75 пайызы темекі тартушылар болып табылады.

Темекі ішкі мүшелер қызметін бұзып, ауруға душар етумен қатар, адамның сыртқы келбетін де бұзады. Түтінен шыққан зиянды улы заттар беттегі майда қан тамырларын зақымдап, бет терісі ауруларына

душар етеді.

Жыл сайын жер бетінде темекіден 3 миллион адам, яғни темекінің улы өсерінен әрбір 13 секунд сайын бір адам өледі екен.

Жастай шылымға үйренген жастар ұмытшақ келеді. Оқу үлгерімі нашарлайды, тіпті ақыл-ойы кемиді.

Темекі шегушілік студент жастардың арасында жиі кездесетін болып жүр. Әсіресе, қыз-балалардың темекі шеккені көңіл алаңдатарлық нәрсе. Темекі шегу тұрмыс құрған болашақ аналарға өте зиян. Олардың шеккен әрбір тал темекісі бойындағы нәрестенің денесіне сіңетін улы заттардың мөлшерін 10 пайызға көбейтіп, нәрестеге қажетті оттегінің мөлшерін 10 пайызға кемітеді екен.

Сондықтан жас кезден денсаулықты сақтап, темекіге әуестенбей, темекі шегушілерден бойды аулақ ұстап жүрген дұрыс.

С.ТІЛЕУОВ, Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының бөлім басшысы.

Қорғаныс бөлімдерінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

ҚР Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Халқына жолдауында «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды.

Осы орайда біз Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің инспекторы Арман Қарасаевпен сұхбаттасқан едік.

— *Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі қандай мемлекеттік қызметтер көрсететінін айтып өтсеңіз?*

— Қазіргі таңда жергілікті әскери басқару органдары Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Атап айтқанда:

- «Әскерге шақырылғандарға шақыру уәкшелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің тел-нұсқаларын беру»;
- «Запастағы офицерлерге, сар-баздарға, сержанттарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) және олардың тел-нұсқаларын беру»;
- «Ұлы Отан соғысына қатысушыларға куәліктер беру»;
- «Жеңілдігі бар тұлғаларға (Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Чернобыль авариясын жоюшыларға, жауынгер-интернационалистерге) анықтамалар беру»;
- «Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру»;
- «Азаматтық әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру»;
- «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру»;
- «Азаматтарды әскери-техника-лық және басқа да әскери маман-дықтар бойынша даярлау»;
- «Әскери есепке қою және одан шығару»

ҚР ҚМ Орталық мұрағаты арқылы:

- «ҚР ҚМ Орталық мұрағатынан шығатын мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апиcтиль қою»

— *Жоғарыдағы көрсетілетін қызметтердің ішінен ең жиі кездесетін қызметтерге тоқталсаңыз?*

— Бұл қызмет түрі – «Әскерге шақырылушыларға шақыру уәкше-леріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру» стандартына төмендегі қызметтер жатады:

- 1) он жеті жасқа толған жылы қаңтар-наурызда тіркеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде;
- 2) тіркеу туралы куәлікті жоғалт-қан кезде;
- 3) тіркеу туралы куәлік бүлінген кезде;
- 4) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде көрсетіледі.

— Сонымен қатар Запастағы офицерлерге әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) және олардың телнұсқаларын беру стандарты туралы айтсақ:

- 1) жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткендерге;
- 2) әскери қызметтен запасқа шығарылғандарға;
- 3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға;
- 4) басқа мемлекеттерден Қазақ-стан Республикасына тұрақты тұруға келгендерге;
- 5) ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде;
- 6) запастағы офицер әскери билетін жоғалтқан кезде;
- 7) запастағы офицердің әскери билеті бүлінген кезде;
- 8) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде;
- 9) офицерлер құрамының әскери атағын қайта қалпына келтір-гендерге.

— *Запастағы сарбаздарға, сержанттарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) және олардың тел-нұсқаларын беруге тоқталсақ...*

- 1) денсаулық жағдайы бойынша әскери есепке берілуге жататын 27 жасқа толмаған әскери міндет-тілерге;
- 2) әскерге шақырудан кейінге қалдырылуына байланысты әскери қызмет өткермеген 27 жасқа тол-ғандарға;
- 3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға;
- 4) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар арнайы оқу орындарының күндізгі бөлімшелерін бітіргендерге;
- 5) басқа мемлекеттерден Қазақ-стан Республикасына тұрақты тұруға келгендерге;
- 6) білім беру ұйымдарын бітір-геннен кейін әскери-есептік маман-дықтар алған және әскери есепке қоюға жататын әйелдерге;
- 7) ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде;
- 8) запастағы сарбаздар, сержант-тар әскери билетін жоғалтқан кезде;
- 9) запастағы сарбаздар, сержант-тар әскери билеті бүлінген кезде;
- 10) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде;
- 11) әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даяр-лықтан өткен азаматтарға;
- 12) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін Қазақстан Респу-бликасының Қарулы Күштеріне әскерге шақырылатын әйелдерге.

Ұлы Отан соғысына қатысу-шыларға, жауынгер-интернацион-алистерге, Чернобыль атом электр станциясындағы аварияның сал-дарын жоюға қатысушыларға куәлік-

тер беру және жеңілдігі бар тұлға-ларға (Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Чернобыль авария-сын жоюшыларға, жауынгер-интер-националистерге) анықтамаларды беруге келсек:

ҚР ҚМ 2017 жылғы 14 наурыздағы № 113 бұйрығының талаптары негізінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін (куәлік беру үшін) ақпарат және қажетті мәліметтер болмаған кезде мерзім 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұзартылады. Жергілікті әскери басқару органы (будан өрі – ЖӘБО) кейіннен өтініш берген жеке тұлғаны мерзімді ұзарту туралы бір жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, сұрау салынған ақпаратты растау үшін тиісті органдарға сұрау салу жолдайды.

Егер бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивтерінен ақпарат алу қажет болған жағдайда кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны мерзімді ұзарту туралы бір жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, көрсетілетін қызмет мерзімі 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру бойынша:

Қызмет алушы ХҚКО-на келген кезде қызмет түрін дұрыс көрсетуі тиіс. Кейбір уақытта қызмет түрінің дұрыс көрсетілуіне байланысты құжаттар іске асырусыз кейін қайтарылады. Сондықтан қызмет алушы өтінішін толтыру кезінде қызмет түрінің дұрыс көрсетілуін қадағалауы жөн.

Қазіргі таңда, кей азаматтар әскери билетті 40 күн оқып та алады. Бұған қандай жастар оқи алады? Арнайы бекітілген талаптар бар ма?

— Әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлауға:

— Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілер;

— Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, соның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған 24 жастан 27 жасқа дейінгі әскери шақырылушылар тартылады.

Өндірістен қол үздіріп өтеулі негізінде даярлықтан өтетін әскерге шақырылушылардың оқыту кезеңін-де жұмыс орны (лауазымы) сақ-талады.

Сонымен қатар екі қызмет электронды түрде көрсетіледі <https://www.egov.kz> сайты арқылы:

1. Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру;
2. Азаматтық әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру.

БЖЗҚ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУШЫЛАРДЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қар-жылық сауаттылығын, жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейін анықтау мақсатында биыл да тәуелсіз компанияның күшімен 2018 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізді. Зерттеу қорытын-дысы бойынша жинақтаушы зейнет-ақы жүйесі туралы базалық білімге ие тұрғындардың үлесі 60,2 пайызды көрсетсе, Қорға деген сенім деңгейі 10 баллдық шәкілде 6,4 баллға жетті. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан тұрғындардың 78,3 пайызы (2017 жылдың қорытындысы бойынша 61 пайыз) еңбек қызметі аяқталған соң, қаржылық өл-ауқаттың негізі зейнетақы болады деген пікірмен келіседі. Демек адамдар ертеңгі күні, болашақ зейнетақысы туралы ойлана бастады деген сөз. Ал бұл эконимикалық тұрғыдан тұрақты қоғамның негізі болып табылады.

Қор бүгінде белсенді тұрғындарды жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Сөйкесінше БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі арта түсетіндігіне сенім мол.

Соңғы жылдары кішігірім болса да өз бизнесін жүргізетіндер, өрі қашық-тықтан филансер болып жұмыс істеп, қызмет көрсететін өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны да артып келеді. Соңғы деректер бойынша елімізде мұндай адам-дардың саны екі миллионнан асады. Олар негізінен өздеріне жұмыс істейді және өрине, табастары тұрақты емес. Көпшілігі салық төлемейді және зейнетақы қорына жарна аудармайды. Ал мұның салдары кейін үлкен қиындыққа өкел соғары һақ. Өйткені, олар зейнетақы жинақтары болмаған соң, қарттық шақта кедейлік қамытын киоі ықтимал. Бұл адамдар зейнетақы қорынан жеке зейнетақы шотын ашқан соң, өкінішке қарай, оған жарна аударып тұруды ұмытады.

Міне, Қор мақсаттары осындай «ұйқыдағы» (жиыңақ ақша бар, бірақ бірнеше жыл жарна аударылмайды) немесе «нөлдік» (бір тиын ақша жоқ) шоттардың иелерімен жарналарды тұрақты аударып тұру жағында ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мысалы, Қор мамандары 2019 жылдың басынан бері 180,8 мыңнан астам шоттың иелерімен байланыс орнатты. Олардың ішінде 9,2 мыңнан астам адам ағымдағы жылдың 1 қаңтары мен 30 сәуірі аралығында шамамен 137 млн теңгеге зейнетақы жәрна-ларын аударды. Жалпы белсенді емес шоттармен жұмыс жүргізу барысында Қор (2018 жылдың

ақпаны мен 2019 жылдың 1 мамыры аралығы) шоттарына бірнеше жыл бойы жарна түспеген 810,8 мың адаммен байланыс орнатып, ақ-парат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Соның арқасында белсенді емес шоттарға жалпы сомасы 2,4 млрд астам теңгеге зейнетақы жәрналары түсті.

2019 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9,8 трлн теңгеге жетті. Жыл сайынғы өсім 20 пайызды құрап отыр. Бұған зейнетақы жәрналарын Қорға тұрақты аударып отыратын белсенді салымшылардың арқасында қол жеткізіліп отыр. Олардың шот-тарындағы жинақтардың сомасы орташа есеппен 5-10 млн теңгегі құрайды. Қазірдің өзінде Қордан өз жинақтары есебінен ай сайын 300 мың теңгеге дейін зейнетақы төлем-дерін алатын зейнеткерлер бар-шылық.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар үшін зейнетақы жинақтарын қалып-тастырудың бірнеше жолы бар.

Біріншіден, жалақысы тұрақты емес немесе жұмыс жағдайына және белгіленген салық төртібіне бай-ланысты зейнетақы жәрналарын тұрақты төлей алмайтындар үшін ерікті зейнетақы жәрналарын аудару – болашақта таптырмас табыс көзіне айналуы мүмкін. Бұл жәрналардың мөлшері мен төлеу кезеңділігін салымшылар өздері белгілейді. Жеке тұлға бұл жәрналарды өз табысы есебінен үшінші бір тұлғаның атына да аудара алады. Мысалы, зейнет-ақылары қомақты болуы үшін ата-аналарының атына немесе бала күтімімен уақытша үйде отырған жүйбайының атына аударуы мүмкін. Занды тұлғалар да өз кезегінде жеке тұлғалардың, мысалы, өз қызмет-керлерінің атына, оларды жұмысқа ынталандыру үшін ерікті зейнетақы жәрналарын аударуға құқылы.

Екіншіден, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тұрғындар арасында әрбір қазақстандықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуы керек-ті туралы кең көлемде ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Бұған қоса мемлекеттік деңгейде басқа да ынталандыру шаралары қолданылуда.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істеп, қызмет көрсететін жеке тұлғалар 2018 жылдың шілдесінен бастап міндетті зейнетақы жәрналарын өз бетімен екінші деңгейдегі банктер немесе Қазпошта арқылы төлеуге міндеттелді. Бұған дейін олар тек құқылы болатын. Бұл ретте 2019 жылдың қаңтарынан бастап олар үшін міндетті зейнетақы жәрналарын төлеу төртібі жеңілдетілді.

ТАБИҒАТТА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: КЕНЕЛЕРДІҢ ШАҒУЫ!

Ақтөбе облысында күн жылы болғандықтан кенелердің шағуы қауіп ұстағандықтан кенелерді қауіпті маусым – мамыр мен маусым.

Кене энцефалиті негізінен қауіпті?

Кене энцефалиті - табиғи ошақтық, вирустік жұқпалы ауру. Кене энцефалитінің вирусы адамның орталық жүйке жүйесін, миы мен жұлынын зақымдайтын сал, яғни параличке шалдықтыратын және адам өліміне әкелетін қауіпті ауру. Бұл ауруды кенелер таратады, олар көбінесе орманды жерлерде кездеседі.

Кене шаққанда адам ауырғанын сезбейді, өйткені кене вируспен бірге қан мен ауру бөсендеткіш қабыққа енеді.

Кенелер қашан және қай кезде шаааақы?

Кенелердің белсенді мезгілі жаздың басы. Жоғары қауіп төнетін Өйтеке би, Алға, Мөртөк, Мұғалжар, Қарғалы аудандары және Ақтөбе қаласы, осы аудандарға шығар алдында 30-40 күн ерте аудандық немесе қалалық санэпидкадағалау орталығынан

энцефалитке қарсы вакцина алған жөн.

Орман, тоғайлы жерлерге барар алдында кенені денеге жолатпас үшін міндетті түрде арнаулы киім кию керек: яғни жеңі ұзын ер адамның көйлегін киіп, жағасын, жеңін түймелеп, етегін шалбарға салып, шалбардың балағын аяқ киімге салу керек. Басқа орнамал байлап, дененің ашық жерлеріне, яғни бетке, қолға, мойынға кенені жуытпайтын арнаулы химиялық заттарды жағу керек. Репелленттерді көйлектің жағасына, жеңіне жағу керек. Сондай-ақ, әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап, жабыққан кене болса отқа жағып жіберген дұрыс. Ормандарға демалуға немесе жұмысқа барғанда, қалың шөбі, бұтасы аз, күннің көзі көп түсетін ашық жерлерге орналасқан дұрыс. Кененің адамдарға ең көп шабатын уақыты таңғы сағат 8-ден 11-ге дейін, және кешкі сағат 5-пен 8-дің аралығы. Күн ыстықта сағат 11 ден 17-ге дейін олардың белсенділігі төмендей

түседі.

Егер кене шақса?

Қан сорғыш кенені басауға немесе тез шығаруға тырысуға болмайды. Кене қосалған кезде оны жылдам алу үшін есімдік майын немесе керосин тамызып,шамалы уақыт күтіп, ілмектің не болмаса дөке оралған саусақтың көмегімен ары-бері қозғалтып, аяғы үзіліп қалып қоймас үшін ептеп алып тастаған жөн. Егер де аяғы үзіліп қалып қойған жағдайда, оны отқа күйдірілген иненің көмегімен алып тастау керек. Кененің орнын йод ерітіндісімен немесе арақпен немесе спиртпен зарарсыздандыру керек. Кенені алғаннан соң, тамақты қолмен жегенде асқазан – ішек жолдары арқылы энцефалит инфекциясын жұқтырмау үшін қолды сабындап, жуып тастау керек. Тазаланбаған қолмен кезді, ауыз құлысын және мұрынды ұстауға болмайды.

Ақтөбе облысының ТЖД Азаматтық қорғау саласындағы қауіп-қатерді азайту және бақылау басқармасы

ОРМАН-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ «ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ» - ДЕП АЙТУЫ НЕГІЗСІЗ ЕМЕС. СЕБЕБІ, ӨРТ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН БАСТАЛЫП, КӨПТЕГЕН ЖЫЛДАР БОЙҒЫ МАҢДАЙ ТЕРМЕН ЖИҒАН-ТЕРГЕН ДҮНИЕ-МҮЛКІНДІ ЛЕЗДЕ АЛУСЫЗ ЖАЛМАП, ӨП-СӨТТЕ ЖОҚ ҚЫЛУЫ ҒАЖАП ЕМЕС. ОСЫНДАЙ ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТАНУДЫҢ ЕҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛЫ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІП ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ.

Аудандық «Ойыл» газетіне өрт-тердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері арқылы аудан тұрғын-дарына өрттердің алдын-алу мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде жаднамалар таратылуда. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпін алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары өлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайдылық, мән бер-меушілік, жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қауіп күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қауіп де ұлғаяды. Өрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шауашылық құрылымдар басшы-лары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын көлік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден

өткізгеннен соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді. Өрт қауіп күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кесіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қырып тастап отыруы тиіс. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда жолдың арғы жағынан басталған өрт орылмаған қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Өрбір мекемедегі қызметкерлер арасынан, өрбір селолық округ-тердегі елді мекендер тұрғындары арасынан өрт сөндіру жасағы құрылып, мекеме ұйым, елді мекендер аумағында өрттерді сөндіруге жұмылуы қажет.

Болып жатқан өрттерді сөндіру тек қана өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерімен аудандық, селолық округ әкімшілігіне ғана қажет деу өте қате пікір. Қазіргі уақытта аудан көлеміндегі жерлердің көпшіліг өркімнің жекеменшігі болып табылады. Өрбір шаруашылық құрылым басшыларымен жекелеген адамдар өздерінің жеке мүліктерін

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

және жерлерін өрттен қорғауға тікелей міндетті екендіктерін естен шығармаулары тиіс.

Аудан көлемінде орналасқан шаруа қожалықтарына, жауап-кершілігі шектеулі серікт